

АНДАТПА

«Қазақстан жерасты сулары және экономиканың аграрлық секторын сумен қамтамасыз ету мәселелері (күйі, келешегі)»

Мақыжанова Асыл Темиртайқызы

БД075500 – Гидрогеология және инженерлік геология

Аграрлық сектор алдындағы мәселерді тиімді шешу үшін ғылым мен практиканың барлық жетістіктерін пайдалану және ауыл шаруашылығындағы барлық су және жер қатынастарын, сонымен қатар мемлекеттік қаржыландыруды жақсарту арқылы фермер шаруашылықтарына аграрлық секторды қайтаруды арттыру бойынша қалыпты жағдайды қалпына келтіру үшін қазіргі қиындықтарды жеңуге ықпал ету керек.

Ұсынылған диссертацияның негізгі мақсаты жерасты суларының жергілікті су ресурстарын тиімді заманауи технологиялар негізінде пайдалану үшін суарға және жайылымдарды суландыруға жерасты суларымен қамтамасыз етудің келешегін далалық зерттеулер және ғылыми негіздеу болып табылады.

Жұмыстың өзектілігі диссертациялық жұмыстың зерттеулері жерасты сулары есебінен экономиканың аграрлық секторын сумен қамтамасыз етудің шұғыл проблемаларына арналуы және мемлекеттің азық-түлік және мал шаруашылығы қауіпсіздігінің базалық негізі болып саналатын, мелиорацияланған жерлердің және мәдени жайылымдарының негізгі фонды орналасқан Қазақстанның аридті зонасы оңтүстік аймақтарда суландырумен және суарумен байланысты агроөнеркәсіп кешенінің өндірістік сферасының басым бағыттары үшін орындалуы.

Фондылық, есепнама жұмыстарын, отандық және шетел мамандары мен ғалымдарының басылған ғылыми жұмыстарын жан-жақты және терең талдай отырып жұмыста гидромелиоративті жүйелерде қалыптасатын грунтты суларды қосымша суару көздері ретінде пайдаланудың мүмкінді келешегі күйін зерттеуге және далалық зерттеулерді жүргізуге басты назар аударылды.

Жұмыстың мақсаты мен міндеті Қазақстанның аридті аймағында табиғи-техногендік жағдайларда жайылымдарды суландыру үшін жер асты суларының табиғи ресурстарын тиімді пайдалануды, суару кезінде қалыптасатын сулы горизонт жерасты суларын пайдаланатын кішігірім арзан гидромелиоративті жүйелерді құру әдістері мен технологияларын нақты ауылшаруашылықтық игеру жағдайындағы табиғи зерттеулер бойынша ғылыми негіздеумен тұжырымдалады.

Диссертациялық жұмыстың екінші бағыты және оның ғылыми және қолданбалы маңызы бар нәтижелері жайылымдық массивтердегі жер асты суларын зерттеуге, олардың жемшөп қорларын бағалауға, сапалы, терең орналаспаған, жыл сайын табиғи қалпына келетін жер асты суларын ресурстарын пайдалануға және жайылымдардың экологиялық жағдайын жақсарту бойынша іс-шараларды жүргізуге арналады.

Жұмыс нәтижелері. Суару кезінде қалыптасатын сулы горизонт жерасты суларын пайдаланатын кішігірім арзан гидромелиоративті жүйелерді құру схемасы, геоакпараттық-аналитикалық технологиясы және әдістемесі Алматы облысының Еңбекші-Қазақ ауданы Бәйтерек ауылында көрнекі сынақ полигонының суармалы жерлерінде өндірістік сынақтан өтті және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне өндіріске ендіруге ұсынылды.

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша 11 мақала баспадан шығарылды, соның ішінде Scopus деректер базасына енген халықаралық журналда – 2, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған, республикалық араны баспаларда -3, республикалық және халықаралық конференциялардың есептік жинақтарында – 6.

Қолдану аймағы – гидрогеология және инженерлік геология.

Жұмыста алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы:

- тұңғыш рет ішкі грунттық булану және екінші қайтадан тұздану процесі көрінісі болмаған кезде аудандандырылған ауылшаруашылық дақылдарының тамырлық жүйесін

толыққанды суландыруды қамтамасыз ететін грунтты сулар деңгейінің тиімді жату тереңдігі сынамаланды;

- Қазақстан Республикасының аридті аймағында жайылымдық жерлердің бұзылған су инфрақұрылымын қалпына келтіру келешегі жерасты суларының барланған қорларын кеңінен пайдалану, жыл мезгілі бойынша жайылымдарды тиімді пайдалану негізінде ғылыми дәлелденді.